

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ “ӘДЕБИЕТТІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ”  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ



**ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІ**

**2014**

**Жылқы жылы**

АЛМАТЫ  
“ҚАЗАҚСТАН”  
2013

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзі: **Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев**

Әні: **Ш. Қалдаяқов**

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

## Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

## Қайырмасы:

## 2014 – ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

	Қаңтар					Ақпан				Наурыз					
Дс	6	13	20	27		3	10	17	24		3	10	17	24	31
Сс	<b>7</b>	14	21	28		4	11	18	25		4	11	18	25	
Ср	<b>1</b>	8	15	22	29		5	12	19	26		5	12	19	26
Бс	<b>2</b>	9	16	23	30		6	13	20	27		6	13	20	27
Жм	3	10	17	24	31		7	14	21	28		7	14	<b>21</b>	28
Сн	4	11	18	25		1	8	15	22		1	<b>8</b>	15	<b>22</b>	29
<b>Жк</b>	<b>5</b>	<b>12</b>	<b>19</b>	<b>26</b>		<b>2</b>	<b>9</b>	<b>16</b>	<b>23</b>		<b>2</b>	<b>9</b>	<b>16</b>	<b>23</b>	<b>30</b>

	Сәуір					Мамыр				Маусым					
Дс	7	14	21	28		5	12	19	26		2	9	16	23	30
Сс	1	8	15	22	29		6	13	20	27		3	10	17	24
Ср	2	9	16	23	30		<b>7</b>	14	21	28		4	11	18	25
Бс	3	10	17	24		1	8	15	22	29		5	12	19	26
Жм	4	11	18	25		2	<b>9</b>	16	23	30		6	13	20	27
Сн	5	12	19	26		3	10	17	24	31		7	14	21	28
<b>Жк</b>	<b>6</b>	<b>13</b>	<b>20</b>	<b>27</b>		<b>4</b>	<b>11</b>	<b>18</b>	<b>25</b>		<b>1</b>	<b>8</b>	<b>15</b>	<b>22</b>	<b>29</b>

	Шілде					Тамыз				Қыркүйек						
Дс	7	14	21	28		4	11	18	25		1	8	15	22	29	
Сс	1	8	15	22	29		5	12	19	26		2	9	16	23	30
Ср	2	9	16	23	30		6	13	20	27		3	10	17	24	
Бс	3	10	17	24	31		7	14	21	28		4	11	18	25	
Жм	4	11	18	25		1	8	15	22	29		5	12	19	26	
Сн	5	12	19	26		2	9	16	23	<b>30</b>		6	13	20	27	
<b>Жк</b>	<b>6</b>	<b>13</b>	<b>20</b>	<b>27</b>		<b>3</b>	<b>10</b>	<b>17</b>	<b>24</b>	<b>31</b>		<b>7</b>	<b>14</b>	<b>21</b>	<b>28</b>	

	Қазан					Қараша				Желтоқсан						
Дс	6	13	20	27		3	10	17	24		1	8	15	22	29	
Сс	7	14	21	28		4	11	18	25		2	9	<b>16</b>	23	30	
Ср	1	8	15	22	29		5	12	19	26		3	10	<b>17</b>	24	31
Бс	2	9	16	23	30		6	13	20	27		4	11	18	25	
Жм	3	10	17	24	31		7	14	21	28		5	12	19	26	
Сн	4	11	18	25		1	8	15	22	29		6	13	20	27	
<b>Жк</b>	<b>5</b>	<b>12</b>	<b>19</b>	<b>26</b>		<b>2</b>	<b>9</b>	<b>16</b>	<b>23</b>	<b>30</b>		<b>7</b>	<b>14</b>	<b>21</b>	<b>28</b>	

## 2014 – Жылқы жылы

Күннің шығу, бату мезгілдері мен ұзақтығы, Айдың тууы мен батуы республикалық обсерваторияның Алматы қаласы үшін есептелген мәліметтері бойынша беріліп отыр. Секундтық уақыт бөлшектері көп жағдайда бүтінге айналдырып көрсетілді.

Айдың Жерді айналуы кезінде оның көрінетін кезеңі 24 сағаттан көп (ол шамамен 24 сағат 50 мин. тең), сондықтан Айдың кейбір туу және бату мезгілдері көрсетілмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда тиісті бағанаға сызықша қойылған.

**Ескерту:** *Күн мен Айдың батуы мен шығуының Астана мен Алматы арасындағы айырмашылығы бір сағатқа жуық. Қыс пен жазда бұл айырмашылық әрқилы көрінеді. Қыста Астанада Күн Алматыдан бір сағат кейін шығады, жаз ортасында, керісінше бір сағат ерте шығады. Ал күн мен түннің теңелген мезгілдерінде уақыт бір-біріне өте жуық сәйкестенеді.*

\* \* \*

### **Ескерту:**

1. *Күнтізбеге енгізілген мәліметтер, жекелеген материалдар “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясынан, қазақ баспасөзінен, әртүрлі басылымдардан алынды.*

2. *Құрбан айттың бірінші күні мен православиелік Рождество – 7 қаңтар күні демалыс күндері деп саналады.*

# 1 ҚАҢТАР СӘРСЕНЫ

☀ Шығуы	08.24
☀ Батуы	17.28
☀ Ұзақтығы	09.04
☾ Толық ай	
☾ Тууы	21.38
☾ Батуы	10.17

## ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АҒАЙЫН!

Қазақстанның Халық суретшісі **Қастеев Әбілханның** туғанына **110 жыл** (1904–1973)

КСРО және Қазақстан халық әртісі **Майқанова Сәбираның** туғанына **100 жыл** (1914–1995)

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі **Сыздықова Гүлзипаның** туғанына **100 жыл** (1914–1985)

Күйші, композитор, Қазақстанның халық әртісі **Есқалиев Әзидолланың** туғанына **80 жыл** (1934)

*Күнтізбенің анықтамасы*

### ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Алматы облысының Панфилов ауданындағы Шеткін аулында дүниеге келген, жасында Түркістан – Сібір теміржолының құрылысына қатысқан жас құдай берген дарқан дарынның түртпектеуімен 25 жасында ғана сурет өнері оқуына түседі. Сурет көрмесіне 27-ден асқанда тұңғыш рет қатысып, “Тігін үстінде”. “Мектепке”, “Көгілдір көйлекті қыз”, т.б. туындыларын көрермендер төрелігіне ұсынады. Өнердің әртүрлі саласына бірте-бірте жетіле түскен суретшінің “А. Иманов”, “Ж. Жаббаев”, “А. Құнанбаев”, “Ш. Уәлиханов”, “К. Әзірбаев”, “Ғ. Мұратбаев” секілді туындылары портрет жанрындағы шын шеберлікті паш етсе, композициялық тапқырлықты “Қыз ұзату”, “Келін түсіру”, “Қос құрбы”, “Қыз алып қашу”, т.б. картиналары айғақтайды, Абай шығармаларынан бастау алатын “Қыс”, “Жаз”, “Көктем” оны шебер пейзажист ретінде де танытады.

Ә. Қастеевтің өнері жоғары бағаланды – екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі” ордендерімен, Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды, Шымкент өнер училищесіне, ҚР Мемлекеттік өнер мұражайына есімі берілді.

2

# ҚАҢТАР БЕЙСЕНЫ

☀ Шығуы	08.24
☀ Батуы	17.29
☀ Ұзақтығы	09.04
☾ Толық ай	
☾ Тууы	22.41
☾ Батуы	10.45

## *Күнтізбенің анықтамасы*

### **СӘБИРА МАЙҚАНОВА**

*(1-қаңтар бетін қараңыз)*

Қызылорданың Сырдария ауданында өмір есігін ашқан, сол өмірдің ащы дәмін қаршадайынан татқан Сәбира өнер өріне өрлеуін он сегіз жасында Қазақ мемлекеттік драма театрына қабылданудан бастады. Мұнда оның еншісіне тиген алғашқы рөл Бейімбет Майлиннің “Майданындағы” Алтынай еді. Содан басталған сәтті жол оны замандастары мен абзал аналардың бейнелерін асқан шынайылықпен сомдауға жеткізді. М. Әуезовтің “Абай” романы бойынша қойылған спектакльдігі Ұлжан, С. Мұқановтың “Шоқан Уәлихановындағы” Зейнеп, Ғ. Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлуындағы” Мақпал, Ш. Айтматовтың “Ана – Жер-Анасындағы” Толғанай, толып жатқан т.б. бейнелер көрермендерді шынайы сүйсіндірді.

С. Майқановаға әлем драматургиясында жоғары бағаланатын шығармалардағы кесек бейнелерді сомдай білу өнері де тән еді. Мольердің Фрозиначасы, Гогольдің Мария Антоновнасы, А. Островскийдің Кабанихасы, М. Әуезовтің Көкланы мен Мөржаны, А. Чеховтың Маринасы соның айғағы.

Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған өнер шебері Дулат Исабековтің “Мұрагерлерінде” өз бейнесі сомдалған Салиханы сахнаға шығару бақытына ие болды, Әшірбек Сығай “Сәбира Майқанова” атты ғұмырбаяндық хикаятын жазды.

3

ҚАҢТАР

ЖҰМА

☀ Шығуы	08.24
☀ Батуы	17.29
☀ Ұзақтығы	09.05
☾ Толық ай	
☾ Тууы	23.46
☾ Батуы	11.12

### *Күнтізбенің анықтамасы*

*(1-қаңтар бетін қараңыз)*

### **ГҮЛЗИПА СЫЗДЫҚОВА**

Қарқаралы перзенті Гүлзипа 19 жасында Қазақ драма театрының студиясына түскеннен бастап, оның сахнасында да ойнай бастады. Мұхтар Әуезовтің “Түнгі сарынындағы” Топай тұңғыш рөлі болған Г. Сыздықова Ш. Хұсайынов, Қ. Қуанышбаев, Ғ. Мүсірепов, А. Қаһар, Ә. Нұрпейісов шығармаларындағы Меңсұлу, Сайра, Күнікей, Фатима, Жаңыл, Ұмсынай, Балжан, Қарақатын бейнелерін сомдады. Кинофильмдерге де түсті.

### **ӘЗИДОЛЛА ЕСҚАЛИЕВ**

Атыраудың түлегі Әзидолла Есқалиев Алматы консерваториясының студенті кезінен бастап Қазақ филармониясының, одан кейін “Қазақконцерттің” домбырашысы болды. 1957 жылы бүкілодақтық және дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалдарының лауреаты атанды. Құрманғазы, Дина, Мәмен, Сейтек, Тәттімбет, Дәулеткерей күйлерін ғажап орындауымен тыңдаушыларын тәнті еткен ол, Чайковскийдің, Рахманиновтың, Моцарттың, Брамстың шығармаларын домбырада орындап, ерекше шеберлігімен көзге түсті. Ол сондай-ақ “Жастар”, “Шаттық” күйлерінің авторы.

4

ҚАҢТАР

СЕНБІ

☀ Шығуы 08.24

Батуы 17.30

Ұзақтығы 09.06

☾ Толық ай

Тууы -- --

Батуы 11.40

Спорттық жаяу жарыстан КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, Мюнхенде өткен 20-ыншы Олимпия ойындарының (1972) күміс жүлдегері Солдатенко **Вениамин Васильевич-тің** туғанына **75 жыл**.

### *Күнтізбенің анықтамасы*

## **ВЕНИАМИН СОЛДАТЕНКО**

Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданында дүниеге келген Вениамин жасынан спорттық жаяу жарыспен шұғылданып, КСРО-ның жеті дүркін чемпионы, екі рет қола жүлдегері атанды. 1976 жылы Әлем чемпионы атағына қол жеткізді. Қазақстан спортының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Спорттағы жетістіктері үшін “Құрмет белгісі” орденімен, медальдармен марапатталды.

### *Езутартар*

## **ҚАЙ ТҰРЫС**

Бір аупарткомның бірінші хатшысы мақталықты араламақ ниетімен бір шаруашылыққа соғыпты. Бір телімге келсе, жүйекке жіберілген су одан асып, далаға жайыла бастаған көрінеді. Бұған ашуланған хатшы құлақ арық жағасында кетпеннің сабына сүйеніп тұрған сушыға бар қаһарымен:

– Бұл қай тұрыс? – деп айқай салады.

– Қасқайып тұрыс, – дейді сушы міз бақпай.

Хатшы бөлімше меңгерушісі көлеңкелейтін қос басына долдана жетіп:

– Анау сушыны құрт. Әкті жаз, – деп бұйырып, сушының сөзін жеткізе бастайды. Қараса, қағаз-қаламын сайлаған меңгеруші ештеңе жазбапты.

– Неге жазбайсың? – деп енді соған шүйлігеді.

Сонда меңгеруші:

– Ол сушының пәмилесі Қасқаев, аты Тұрыс еді, – депті саспастан.



5

ҚАҢТАР

ЖЕКСЕНЫ

☀ Шығуы	08.24
☀ Батуы	17.31
☀ Ұзақтығы	09.07
☾ Айдың соңғы ширегі	
☾ Тууы	00.53
☾ Батуы	12.11

Қазақстанның халық әртісі, әнші **Есімжанова Рабиғаның** туғанына **100 жыл** (1914–1986).

Педагогика ғылымының докторы, профессор **Жұмажанова Төкен Қонысбайқызының** туғанына 70 жыл (1944)

*Күнтізбенің анықтамасы*

### РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА

Ақмола облысындағы Қорғалжын ауданының тумасы Р. Есімжанова өнер жолын Семей облыстық музыкалы драма театрында бастаған, кейін Қарағанды, Алматы театрларында Еңлік, Айман, Қыз Жібек бейнелерін сомдады. 1946 жылдан бастап әншілік өнерге біржола бет бұрып, Қазақ радиосында, 1960 жылдан өмірінің ақырына дейін “Қазақконцертте” әнші болды. Оның орындауындағы “Әуілдек”, “Әпитөк”, “Гауһартас”, “Жалғыз арша”, “Жонып алды”, “Ләйлім”, “Маңмаңгер”, С. Кәрімбаев, Ш. Қалдаяқов әндері миллиондаған тыңдаушыларын сүйсінтті. “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған.

### ТӨКЕН ЖҰМАЖАНОВА

Тарбағатай ауданындағы Ақсуат ауылының перзенті Т. Жұмажанова ҚазПИ-ді бітіргеннен кейін орта мектепте, Семей пединститутында істеді. 1998 жылдан Алматы мемлекеттік университеттерінде профессор. Негізнен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелерін зерттеген ол осы сала бойынша Қазақстандағы тұңғыш ғылым докторы.

6

# ҚАҢТАР ДҮЙСЕНІ

☀ Шығуы 08.24  
 Батуы 17.32  
 Ұзақтығы 09.08

☾ Айдың соңғы ширегі  
 Тууы 02.01  
 Батуы 12.45

**Биыл ағылшын философы, жаратылыстанушысы Бэкон Роджердің туғанына 900 жыл (1214–1292)**

*Күнтізбенің анықтамасы*

## РОДЖЕР БЭКОН

Оксфорд университетін бітіріп, сонда оқытушы болып істеген, астрологияны қорғағаны үшін 1277 жылы франциск іліміндегілер тарапынан қуғындалған, абстракттық, негізсіз теориялық болжамдарды сынаған ғалым Роджер Бэкон “Үлкен еңбек”, “Кіші еңбек”, “Үшінші еңбек” атты энциклопедиялық туындылар қалдырған. Оларда Азия мемлекеттері мен халықтары туралы сол замандағы мағлұматтар жинақталған. “Үлкен еңбегінде” ол қыпшақ даласы мен оның тұрғындары жайында былай деп жазады: “Танаис (Дон) пен Этиль (Еділ) аралығындағы жерлер қаңлы аталатын командорға (көсем) қараған, бірақ оларды татарлар (Алтын Орда тұрғындары) бағындырған... Этильдің арғы бетінде татардың үшінші князьдігі бар, ондағы жергілікті халықты татарлар қырып тастаған, командар болса бұрынғы қаңлы атауын сақтап қалды. Бұл князьдік Этиль өзенінен, оңтүстік жолмен аттанса төрт айшылық, ал теріскейдегі жолмен жүрсе екі ай он күндік қашықтыққа созылған жерді алып жатыр”. Бұл аймақ кімдерге тиесілі екенін көзқаракты оқырман жазбай түсінеді.

Нақты тәжірибеге негізделген білім принципін ұстанатын Роджер Бэкон оптика мен механиканы дамытуды жақтады, математиканы бүкіл ғылымның “есігі мен кілті” деп білді.

7

ҚАҢТАР

СЕЙСЕНБІ

☀ Шығуы 08.24  
 Батуы 17.33  
 Ұзақтығы 09.10

☾ Айдың соңғы ширегі  
 Тууы 03.12  
 Батуы 13.25

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы **Тәкібаев Нұрғали Жабағыұлының** туғанына **70 жыл (1944)**

*Күнтізбенің анықтамасы*

### НҰРҒАЛИ ТӘКІБАЕВ

Оңтүстік Қазақстан облысының Н. Хрушев тұсында Өзбекстанға беріп жіберілген Бостандық ауданының тумасы Н.Тәкібаев 1967 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін республикалық Академияның Жоғары энергия физикасы институтында кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер болды. 1988 жылдан Ядролық физика институтында зертхана меңгерушісі. 1999 жылдан Ұлттық Ғылым Академиясының бас ғалым-хатшысы. Сонымен бірге 2000–2002 жылдары Азия елдерінің ғылым академиялары ассоциациясының бас хатшысы да болып істеді. Оның ғылыми еңбектерінің негізгі бағыты теориялық физика мен астрофизика мәселелері.

*Езутартар*

### ЕНДІ ҚАЙДА ЖОЛЫҒАМЫЗ

Ашына екі түлкі өзара әңгіме қызығымен желе жортып келе жатқанда, арт жақтан ат тұяғының дүбірі, иттің үргені естіліп қалады. Соны сезген біреуі:

– Ойпырмай, аңшылар ізімізге түскен сияқты ғой, – депті.

– Солай секілді, – дейді екіншісі. Бірақ әңгімеге еліккен екеуі сонысын жалғастыра жүрісін жеделдетіпті. Аңшылар ұрып алардай жер тақағанда біреуі екіншісіне:

– Бұлай бірге қаша берсек екеуміз де аналардың олжасы болармыз. Бөлініп қашайық. Біріміз ұсталсақ та, екіншіміз құтылып кетерміз деген көрінеді. Осыны мақұлдап, бөлініп қаша бергенде, біреуі қалт тоқтай қалып:

– Әй, енді қайда жолығамыз? – депті.

– Пешенемізге жазылғаны сол болса, тымақ базарда жолығармыз, – депті екіншісі зытып бара жатып.

8

ҚАҢТАР

СӘРСЕНЫ

☀Шығуы	08.24
Батуы	17.34
Ұзақтығы	09.11

☾Айдың соңғы ширегі	
Тууы	04.23
Батуы	14.12

Осман әулетінен тарайтын түрік сұлтаны **Бірінші Баязит Найзағайдың** туғанына **биыл 660 жыл (1354–1403)**

*Күнтізбенің анықтамасы*

### БІРІНШІ БАЯЗИТ НАЙЗАҒАЙ

Әкесі Бірінші Мұрат қайтыс болған соң таққа отырып, оның саясатын жалғастырған Баязит Батыс Анадолыдағы Ментеше, Айдын, Сарухан, Ирмиян жерлерін өзіне қаратып алды. Сол кезде оның қолбасшылық даңқы дүние жүзіне тарайды. Мысырдағы алауыздықты пайдаланып, соған қарасты Сивас сұлтандығын, Жанық, Амасье бейліктерін, мәмлүктер қарауындағы Малатъя, Эльбистан, Диварг қалаларын өз иелігіне қаратты, 1389 жылы 15-маусымда серб әскерлерін талқандап, ол елді бағындырды. 1393–96 жылдары Болгарияны, Македонияны, Фессалинаны, кейін Бүкіл Балқан түбегін басып алып, түрік үстемдігін орнатты. Сонымен бірге “бір құдайға ғана жалбарынамыз” дейтін халықтарды ислам дініне енгізді.

Еуропа елдері түрік үстемдігіне қарсы крест жорығын ұйымдастырғанымен, 1396 жылы 25-қыркүйекте Болгарияның Никополь қаласы маңындағы шешуші шайқаста түрік әскерлерінен қирай жеңілді. Осыған байланысты Баязитке “Сұлтан әл-Рум” (Ұрым-Византия сұлтаны) атағы берілді. Бірақ, неге екенін кім білсін, ең алдымен түркі халықтарын боданына айналдырудан бастаған Ақсақ Темір (қазақша Әмір Темір Көреген) Түркияға да басып кіріп, 1402 жылы 28-шілдеде кәзіргі Анкара маңындағы шайқаста түрік әскерін талқандап, өзін тұтқындады. Баязит сол тұтқында жан тәсілім қылды.

9

ҚАҢТАР

БЕЙСЕНЫ

☀ Шығуы	08.23
Батуы	17.36
Ұзақтығы	09.12

☾ Айдың соңғы ширегі	
Тууы	05.32
Батуы	15.08

Италияның теңіз саяхатшысы **Веспуччи Америгоның** туғанына **биыл 560 жыл** (1454–1512)

Қазақ Ордасының ханы Тәуекел Ресей патшалығына **тұңғыш елшілік** (Құлмұхаммед елшілігі) жібергеніне **биыл 420 жыл** толады (1594)

*Күнтізбенің анықтамасы*

### АМЕРИГО ВЕСПУЧЧИ

Америка құрлығын білмейтін адамды бүгінде Жер жүзінен таба алмайтын шығармыз. Сол құрлыққа оны еуропалықтарға ашып берген Колумбтың емес, Америго есімінің берілуі неліктен? Банк қызметкері А.Веспуччи 1499–1504 жылдары Жаңа құрлықты зерттеп, сапар туралы жазған кітаптары кеңінен таралды. Неміс картографы М. Вальдземюллер жаңа құрлықты Веспуччидің есімімен атауды ұсынды да, ол 1538 жылы Меркатордың картасына “Америка” атауымен енгізілді.

### ҚҰЛМҰХАММЕД ЕЛШІЛІГІ

Қазақ Ордасының ханы елшіліктің алдына Ресей патшалығымен тығыз қарым-қатынас орнату, әскери одақ құру және өз інісі Ораз-Мұхамедті тұтқыннан босату міндетін қойды. Тәуекелдің көздегені Ресеймен одақ арқылы Бұхар ханы Абдолламен күресін жеңілдету болатын. Бірақ Ресей патшасы қазақ елшілігіне Бұхарға ғана емесе, Сібір ханы Көшімге де қарсы соғыс бастау, Ораз-Мұхамедтің орнына Тәуекелдің өз баласы Үсейінді аманатқа жіберу талабын көлденең тартты. Бұл талап Қазақ Ордасын саяси кіріптарлыққа түсіру мақсатынан туындаған еді. Ал Тәуекел хан мұндай талапқа көне алмайтын.

# 10 ҚАҢТАР ЖҰМА

☀ Шығуы 08.23  
Батуы 17.37  
Ұзақтығы 09.13

☾ Айдың соңғы ширегі  
Тууы 06.36  
Батуы 16.12

Химия ғылымының докторы, профессор **Молдабеков Шаяхметтің** туғанына **75 жыл** (1939)

*Күнтізбенің анықтамасы*

## ШАЯХМЕТ МОЛДАБЕКОВ

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шұбар ауылында дүниеге келген Ш. Молдабеков 1961 жылы Мәскеу химия-машина жасау институтын бітіргеннен кейін Қазақхимия-технология институтында ассистент, аға оқытушы, Мәскеу аспирантурасын бітіргеннен кейін кафедра меңгерушісі, проректор, ректор қызметтерін атқарды. 2005 жылдан Қожа Ахмет Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің кафедра меңгерушісі. Ш. Молдабековтің негізгі еңбектері өндірістің қалдық газдарын құрамындағы аса зиянды, улы элементтерден арылтудың ғылыми негізін жасау мәселелеріне арналған. Ғалым Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

*Езутартар*

## ҚАБЫРҒАДАН ЖАРАТЫЛҒАН

Көп әйел алам деп қабырғасыз қалма, өйткені әйел еркектің қабырғасынан жаратылған.

*“Жас алаш”*

# 11 ҚАҢТАР

## СЕНБИ

☀ Шығуы 08.23  
 Батуы 17.38  
 Ұзақтығы 09.15

☾ Айдың соңғы ширегі  
 Тууы 07.31  
 Батуы 17.24

**Биыл** Азия туралы аса мол географиялық және тарихи материалдар қалдырған итальян саяхатшысы **Марко Полоның** туғанына **760 жыл** (1254–1324)

*Күнтізбенің анықтамасы*

### МАРКО ПОЛО

Әкесі Никколо мен ағасы Маттеоға еріп он жеті жасында Қытай сапарына аттанды. Әкелі-балалы үшеу Жерорта теңізі, Палестина, Кіші Азия, Ирак, Иран, Памир, Қашғария арқылы үш жылдан аса жол жүріп Қытайға жетеді. Бұл Шыңғыс ханның немересі Құбылайдың сонда Юань империясын орнатып, астанасын Пекинге көшіріп алған тұс болатын. Марко Поло тіпті император қызметіне де қабылданып, онда 17 жыл тұрды, Құбылаймен бірге ел аралады, қызмет бабымен Үндістанда болды. Теңіз жолымен 1295 жылы еліне оралды. Қалалар арасындағы соғыс әдеттегі нәрсе болатын заман ғой, Генуя мен Венеция арасындағы соғыста тұтқынға түсіп, абақтыда пизалық жазушы Рустичеллоға өзінің естеліктерін жаздырды.

Марко Поло еңбегі бүкіл Азия, Солтүстік Еуропа, бірқатар Африка елдері туралы құнды деректер береді. XIV–XV ғасырларда оның естеліктері Еуропаның бірқатар халықтарының тілдеріне аударылып, Азия картасын жасауға негіз болды. XV–XVI ғасырларда испан, португал теңіз экспедициясын ұйымдастырушылар Азия құрлығы батыстан шығысқа қарай созылып жатқанын білді, бірақ Азия Еуропаға жақын, батысқа қарай жүзе берсең Азияға жетесің деген қате қорытынды жасап, бұл қателік Колумбтың Американы ашуына мұрындық болды.

# 12 ҚАҢТАР ЖЕКСЕНЫ

☀ Шығуы	08.23
☀ Батуы	17.39
☀ Ұзақтығы	09.16
☾ Жаңа ай	
☾ Тууы	08.19
☾ Батуы	18.38

Орта ғасырлардағы атақты француз жазушысы **Рабле Франсуаның** туғанына биыл **520 жыл** толады (1494–1553)

## *Күнтізбенің анықтамасы*

### ФРАНСУА РАБЛЕ

Қазақ оқырмандары орта ғасырларда өмір сүрген дуалы ауыз ойшылдар Гомермен, Дантемен, Шекспирмен қатар қоятын Ф.Раблемен “Гаргантюа мен Пантагрюэль” атты атақты романы арқылы таныс. Өйткені қазақ тілінде латын әрпімен 1938 жылы, орысша тұңғыш аудармасынан (нашар деп есептелетін) 21 жылдан кейін шыққан бұл романды заманында сауатты қазақтардың дені оқыған.

Дәулетті адвокаттың отбасында дүниеге келген, монастырьда көне тілдер мен заңдарды өз бетінше оқып, үйренгені үшін қудаланған, дін қызметшісі болған, бакалавр, доктор ғылыми дәрежесін алған Ф. Рабле әдебиет өлкесіне тек 38 жасында келді. Оның атағын бүкіл Еуропаға мәлім еткен жоғарыдағы шығармасында жазушы “не істесең де шектеу болмасын” деген принципті өзек етіп алып, алғаусыз сатираға барынша ерік береді. Сол үшін дін тарапынан да, өкімет тарапынан да талай рет қуғынға түседі. Бірақ, бақытына орай, білімді, ықпалды замандастары оны қызғыштай қорғайды, талай рет арашаға түседі.



# 13 ҚАҢТАР ДҮЙСЕНЫ

☀ Шығуы 08.22  
Батуы 17.40  
Ұзақтығы 09.18

☾ Ай 12-қаңтарда туды  
Тууы 08.59  
Батуы 19.51

Ресей мен Қазақ Ордасы арасындағы қатынастарға елеулі үлес қосқан **Тевкелев Алексей Ивановичтің** (азан шақырылып қойылған есімі Құтлығмұхаммед Мамашев) туғанына **биыл 340 жыл** (1674–1766)

*Күнтізбенің анықтамасы*

## АЛЕКСЕЙ ТЕВКЕЛЕВ

Ресей императоры Бірінші Пётрдың тұсында-ақ патшалық қызметіне қатысып, тілмаш ретінде көзге түскен А. Тевкелев 1730 жылы кіші жүз ханы Әбілқайырдың Петербургқа келген елшілерін қабылдаушылардың қатарында болған және сол елшілікке жауап ретінде патша өкіметінің кіші жүзге жіберген елшілігін басқарды. 1743–59 жылдары патша өкіметі оны кіші жүз билеушілері мен Орынбор әкімшілігі арасындағы жанжалды реттеуге пайдаланды. 1751–59 жылдары Орынбор губернаторы И. Неплюевтің көмекшісі болып отаршылдық саясаттың сойылын соқты. Кезекті башқұрт көтерілісін басу кезінде қазақ даласына қашқан башқұрттарды кері қайтару ісіне араласты. 1760 жылы өкімет қызметінен босанды.

А. Тевкелевтің елшілік қызметі барысында жүргізген мың беттен астам “Күнделігінде” қазақтардың қоғамдық-саяси, мәдени өмірі және ру-тайпалық құрамы туралы көптеген мәлімет бар.

# 14 ҚАҢТАР

## СЕЙСЕНБІ

☀ Шығуы 08.22  
 Батуы 17.41  
 Ұзақтығы 09.20

☾ Ай 12-қаңтарда туды  
 Тууы 09.34  
 Батуы 21.03

КСРО-ның және Өзбекстанның халық суретшісі, КСРО Көркемсурет академиясының толық мүшесі **Таңсықбаев Оралдың** туғанына **110 жыл** (1904–1974)

Әскери ғылым кандидаты, профессор **Серікбаев Ким Серікбайұлының** туғанына **80 жыл** (1934)

*Күнтізбенің анықтамасы*

### ОРАЛ ТАҢСЫҚБАЕВ

Қарақалпақстанның Нүкіс қаласының тумасы, ұлты қазақ Орал Таңсықбаев 1929 жылы Пенза көркемсурет училищесін бітіргеннен кейін ғұмыр бойы Ташкент қаласында тұрып, шығармашылықпен айналысты. Тұңғыш туындысы “Көш” Мәскеудегі Шығыс халықтары өнері Мемлекеттік мұражайынан орын алды. Атақты мұражайды қызықтырған ол еңбектің бояу үйлесімділігі мен композициялық тұтастығы еді. 1934–35 жылдары Өзбекстанның көне қалалары мен Қазақстанның Арал теңізі, Сырдария бойына жасаған шығармашылық сапары нәтижесінде туған суреттер топтамасымен 1935 жылы өткен Қазақстан суретшілерінің тұңғыш көрмесіне қатысты.

О. Таңсықбаевтың тамаша туындылары өзінің мемориалдық мұражай үйінде, Өзбекстан республикалық мемлекеттік өнер мұражайында, КСРО суретшілер одағының Мәскеудегі қорында, ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында, т.б. мұражайларда сақтаулы. Орекең бірталай туындыларын (“Сарқырама”, “Алматыдағы қыс”, “Іле өзенінің аңғарында”, “Көктем”, “Қыс”, “Исатай мен Махамбет”, “Алатау”, “Арал теңізі”, т.б.) Қазақстан тақырыбына арнады. Суретші Өзбекстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Ленин, 3 мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды.

# 15 ҚАҢТАР СӘРСЕНЫ

☀ Шығуы 08.21  
Батуы 17.42  
Ұзақтығы 09.21

☾ Ай 12-қаңтарда туды  
Тууы 10.05  
Батуы 22.11

## *Күнтізбенің анықтамасы*

### **КИМ СЕРІКБАЕВ**

*(14-қаңтар бетін қараңыз)*

Ақтөбе Хромтауының Көптоғай аулында дүниеге келген Ким Серікбайұлы Қазақ мемлекеттік университетінде, Уфа әскери училищесінде, Мәскеу әскери академиясында оқыды. 1956–66 жылдары Қиыр Шығыс, Карпат баурайы, Мәскеу, Орта Азия әскери округтарында взвод, рота, батальон командирі, полк штабының бастығы, командирі қызметтерін атқарды. 1970–73 жылдары Мәскеу әскери академиясында Кубадан, Моңғолиядан келген офицерлерге жалпы тактикадан сабақ берді. 1973 жылы Қазақстанға оралған ол жоғары әскери командалық училищеде, Алматы жоғары партия мектебінде кафедра бастығы, Б. Момышұлы атындағы республикалық әскери мектеп-интернат бастығы, Мемлекеттік қорғаныс комитеті төрағасының кеңесшісі, Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің қорғаныс бөлімінің жетекшісі, басшы органдарда кеңесші болып қызмет етті. 2000 жылдан Қорғаныс министрлігінің әскери-ғылыми орталығында бас ғылыми қызметкер. К. Серікбаев 180-нен астам ғылыми еңбектердің, “Президенттік парыз”, “Тактика кафедрасында”, “Бауыржан Момышұлы менің өмірімде”, “Тәуелсіздігімізге – берік қорғаныс”, “Батыр ағаның шапағаты” секілді бірқатар кітаптардың авторы.

# 16 ҚАҢТАР БЕЙСЕНЫ

☀ Шығуы 08.21  
Батуы 17.44  
Ұзақтығы 09.23

☾ Ай 12-қаңтарда туды  
Тууы 10.34  
Батуы 23.17

**Биыл Абайдың арғы бабасы, қоғам қайраткері, батыр, би Ырғызбай Айдосұлының туғанына 270 жыл** толады (1744–1785)

*Күнтізбенің анықтамасы*

## ЫРҒЫЗБАЙ АЙДОСҰЛЫ

Ырғызбай дүние есігін ашқанда анасы Айпара “Шынжыр балақ, шұбар төс – Ырғызбайым” дейді екен. Жастайынан өлең сөзге жүйрік, ділмар болып өскен оны атақты би Кеңгірбай Жандосұлы қасынан қалдырмай ел-ішіндегі дау-дамайдың бітім-билігіне араластырады. Кейін сол тәлімнің ықпалымен өзі де құн дауы, жесір дауы секілді күрделі мәселелерді шешуге белсене қатысады. Ол кезінде жоңғар шапқыншылығынан үдере көшкен руластарын Шыңғыстау өңіріне бастап әкеліп, қоныстандыруға зор үлес қосты.

Ырғызбай жоңғарлардан ел қорғауда батырлығымен де ауызға ілігіп, Абылай ханның жақын сырластарының бірі болды. Үлкен ас, дүбірлі жиындарда балуандығымен де атын шығарады. Атақты Ер Жәнібектің қызына үйленіп, одан Өскер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай есімді ұлдар сүйеді. Солардан Өскенбай елге қадырлы басшы, әділ би, дүлдүл ділмар болғаны белгілі. Оның есімі Шәкерім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында асқан ілтипатпен аталады.

# 17 ҚАҢТАР

## ЖҰМА

☀ Шығуы 08.20  
 Батуы 17.45  
 Ұзақтығы 09.25

☾ Ай 12-қаңтарда туды  
 Тууы 11.02  
 Батуы ---

**Биыл** қаракесектің биі **Шабанбай Қалқаманұлының** туғанына **260 жыл** толады (1754–1839)

**Биыл** Қаз дауысты Қазыбектің шөбересі, қоғам қайраткері, би, шешен **Алшынбай Тіленшіұлының** туғанына **230 жыл** толады (1784–ө.ж.б.)

*Күнтізбенің анықтамасы*

### ШАБАНБАЙ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

Шежіре Қаракесектің немересі Майқы, оның немересі Өтеміс, ал оның немерелерінің бірі Қалқаман дейді. Замандастары берген баға бойынша Шабанбай аса қарапайым, мейірімді адам, зерек, зерделі, көкірегі қазына, ақылға бай, ойы терең, толғауы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да тапқыр әділ би болған. Избасарларын да тәрбиелеген Шабанбай би солардың бірі Жанқұттыға:

– Аллаға жағам десең, азанды бол, Халыққа жағам десең, қазанды бол, судай таза бол, жердей көтерімді бол, – деген екен.

### АЛШЫНБАЙ ТІЛЕНШІҰЛЫ

Айбике-Шаншар болысын ұзақ жылдар басқарған Алшынбай есімі елін шашау шығармай, уысында ұстаған алғыр да ықпалды би, сол кезде ел билеген Құнанбай, Шалғынбай секілді игі жақсылармен, от ауызды, орақ тілді Шөже, Жанақ ақындармен сөз қағыстыру арқылы тарихта қалды. Заманында ол ел ішіндегі жер, жесір дауын, болысқа қарасты екі ру арасындағы күрмеулі мәселелерді әділ шешкен. Оның бір сөзі былай келеді: “Он теңге түйе болмас, бес теңге бие болмас, өз малын азсынып, біреудікін көпсініп жүрген күншілдер өз малына ие болмас”.

# 18 ҚАҢТАР СЕНЫ

☀ Шығуы	08.20
☁ Батуы	17.46
🕒 Ұзақтығы	09.26

☾ Ай 12-қаңтарда туды	
🕒 Тууы	11.30
☁ Батуы	00.21

**Биыл** Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне, Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрестің басшысы **Жанқожа Нұрмұхамедұлының** туғанына **240 жыл** толады.

## *Күнтізбенің анықтамасы*

### **ЖАНҚОЖА НҰРМҰХАМЕДУЛЫ**

Қазақ халқы ұзақ тарихында кімдерден зорлық көрмеген дейсіз. XIX ғасырдың бірінші жартысында Хиуа, Қоқан хандықтары, Ресей патшалығы бүйідей тиді. Орта Азия хандықтары қазақтың малын талап, адамдарын қырса, құлдыққа айдаса, әйелдерін, қыздарын қорласа, Ресей әскерлері де ойына келгенін істеді. Мұндайда ел арасынан еңіреген ерлер шықпай қоймайды. Солардың бірі Жанқожа болатын. Халық әрине сондай жаужүректердің маңына топтасады. Хиуаның сойылын соққан қарақалпақ батыры Тықыны, кейінірек Созақта қоқандық палуан Тағанды жекпе-жекте өлтіріп, қазақ биі Сарманды өлтірген қоқан бектерін тұтқындап, Құрман бидің қолына береді. 1847 жылы орыс әскерлері сала бастаған Райым бекінісіне келіп, қарсылық көрсетеді, Орынбор генерал-губернаторы В. Обручевпен кездесіп, халық тыныштығын бұзбау сертін алады. Бірақ іс жүзінде басқаша болып шығады. Сондықтан Жанқожа 1856–57 жылдары халықты көтереді, бірақ сатқындық салдарынан жеңіліске ұшырап, Қызылқұм арасына сіңіп, жалғыз отырады. Соны пайдаланып оны орыс казактары өлтіріп тынады.

# 19 ҚАҢТАР ЖЕКСЕНЫ

☀ Шығуы	08.19
☀ Батуы	17.47
☀ Ұзақтығы	09.28
☾ Айдың алғашқы ширегі	
☾ Тууы	12.01
☾ Батуы	01.23

**Биыл** 1723–40 жылдарғы жоңғар шапқыншылығы тұсында Матай руының қолын басқарған **Бөрібай батырдың** туғанына **320 жыл** (1694–шамамен 1756/60)

**Биыл** қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресіне қатысқан батыр, би **Боранбай Қалқаманұлының** туғанына **310 жыл** (1704–1802) толады.

## *Күнтізбенің анықтамасы*

### **БӨРІБАЙ БАТЫР**

Батырдың әкесі Сары мырза 1688–89 жылдары орыс патшалығымен келіссөз жүргізуге жіберілген қазақ елшілігін Тобыл қаласына бастап барған. Бөрібай батырлығынан бөлек, жалайыр, найман, қоңрат жасақтарының басын біріктіріп, Сарысу өзені бойына қоныстандырған. Жоңғар шапқыншылығының ең ауыр кезеңінде сол рулардың жаудан қорғануын ұйымдастырған. Сарысу өзені бойындағы бір шайқаста қаза тапқан. Оның ерлігін Сегіз сері, Дәстем сал, Жанкісі жыраулар дастандар шығарып елге жайған, мүрдесі Қожа Ахмет Иассауи кешеніне жерленген.

### **БОРАНБАЙ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ**

Жас кезінде Түркістанда оқыған Боранбай Қалқаманұлының есімі тарихи-әдеби деректерде Қаракерей Қабанбай есімімен қатар аталады. Ол қазақ халқының тәуелсіздігі мен бірлігі жолындағы Абылай хан саясатын жүзеге асыруға үлкен үлес қосқан. Кіші жүз ханы Әбілқайыр қаза тапқанда оның ұлы Нұралыны таққа отырғызуға мұрындық болып, Орынборға барған сегіз бидің бірі Боранбай. Арғын-найман арасындағы жер дауының әділ шешілуіне ықпал еткен де Боранбай. “Кім ұқпас Наймандағы Боранбайды, Бес байыс “Боранбай” деп ұрандайды” деген сөз сол заманнан қалған.

# 20 ҚАҢТАР ДҮЙСЕНЫ

☀ Шығуы	08.18
☀ Батуы	17.49
☀ Ұзақтығы	09.30
☾ Айдың алғашқы ширегі	
☾ Тууы	12.34
☾ Батуы	02.22

**Биыл** Қазақстанның оңтүстік өңірінде Қоқан хандығына және Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр **Байзақ Мәмбетұлының** (Байзақ датқа) туғанына **225 жыл** (1789–1864) толады.

## *Күнтізбенің анықтамасы*

### **БАЙЗАҚ МӘМБЕТҰЛЫ**

Туған өңірі әлі Қоқан хандығына да, Ресейге де қарамай тұрғанда ер жетіп, ел басшысы болып қалыптасқан. Оңтүстік өңірді Қоқан хандығы басып алғаннан кейін ағасы Бәйтерекпен бірге сұлтан Рүстем Аспандияров бастаған көтеріліске (1821) қатысады. Көтеріліс жеңіліске ұшырап, көтерілісшілер қатты жазаланғаннан кейін (Қоқан хандығына да ел билей алатын адам керек) Байзақ өз руына датқа болып тағайындалады. Соған қарамастан Байзақ тәуелсіз саясат жүргізуге тырысады, Кенесары Қасымұлының сенімді серіктерінің біріне айналады. Оның сарбаздары Қоқанның бірнеше бекінісін алады (1841), Созақ аймағын азат етуге қатысады, 1858 жылы қазақ-қырғыз көтерілісін басқарады. Орыс билігі орнай бастаған тұста Колпаковский әскеріне қарсы Ұзынағаштағы соғысқа қатысады. Датқалық қызметінде қазақтардың суармалы диканшылыққа бет бұруына ықпал етіп, ұзындығы 160 километр бас арық қаздырады.

Ақырында Қоқан хандығының әкімі Әлімқұлдың пәрменімен зеңбірек аузына байланып атылады.